



Өткен аптаның соңында М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Махамбет» республикалық әдеби-мәдени, танымдық журналының тұсаукесері өтті. Басқосуға журналдың құрылтайшысы, «Болат-медиа» мекемесінің директоры Болат Батыр Алматыдан арнайы келді. Ал басылымның бас редакторы, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Қадыр Жүсіп қашықтан байланысқа шығып, құттықтау тілегін жолдады.



«...Бұл журналдың университет өмірінде ролі ерекше болатынына сенімдіміз. Мақсаты – махамбеттануды одан әрі дамытып, болашақ өскелең ұрпақты патриоттық, отансүйгіштік рухта тәрбиелеп, ата-бабамыздың асыл мұраларын кенінен насихаттау болып табылады...»

«МАХАМБЕТ»

ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Онлайн сипатта ұйымдастырылған шара аталмыш оқу орны жанындағы «Рухани жаңғыру» институтының ұйымдастыруымен қолға алынған болатын. Журналдың таныстырылымына арналған салтанатты жиында Ақ Жайық өлкесіне танымал ақын-жазушылар мен өлкетанушылар, театр қайраткерлері мен бір топ ғалым бас қосқан еді.

Кеш шымылдығы мәдениет және өнер факультеті студенттерінің қобызда орындаған ықыластың күйі «Қертолғау» және Махамбеттің «Қыыл кыргыны» күйлерімен түрілді. Бұдан әрі «Махамбетті пір тұтып» деген бөлімінде филология факультетінің студенттері Махамбет жырларынан үзінділер оқыса, «Төбіреніп шынайы жыр арнадым, Салмақ салып саналы жүрегіме» бөлімінде жас ақындар Махамбетке арнау өлеңдерін көпшілік назарына ұсынды.

Алдымен сөз алған жиынның модераторы, «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Абат Қырдырашев журнал туралы өзінің ойын білдірді.

– Біз өз кезегімізде мынадай ой түйіндейді: қазақ жырларының ой-санасы – Абай, ар-намысы – Махамбет. Абайдың гирбатымен, Махамбеттің жігерімен еңсе тіккен әлеуметі бірі – рухани ұстазымыз болса, бірі – рухани ұранымыз. Айтса айтқандай, бүгінгі күні Махамбет Өтемісов атындағы білім ордасында «Махамбет» журналының тұңғыш рет тұсауын кескілі отырмыз. Бұл біз үшін іргелі, мәнді, мағыналы оқиға болмақ. Ең бастысы, студент қауымға, жаңа ұрпаққа берер түйіні, тағылымы мол деп ойлаймыз. Қиын кезеңге қарамай, қуанышымызға ортақтаса келген барлық ел ағаларына, сыйлы қонақтарымызға ерекше алғысымды білдіремін. Журналдың тұсаукесері негізі билығы жылдың наурыз айына жоспарланған еді, өкінішке орай, әлемде орын алған жағдайға байланысты ұзақ кетті, бүгін орайы келген сәтті күн болды. Алдағы уақытта университетіміздің профессор-оқытушылар қауымының, ғалымдарының әлеуметтік көтеретіні, іргелі, сериалды мақалалар жарыққа шығатын болады, – деген Абат Сатыбайұлы жиналған қонақтарды ортаға шақырып, ресми түрде журналдың тұсауын кесті.

– Ардақты ағайын, қадірлі қонақтар, киелі қара шаңырақ саналатын білім ордасына, «Махамбет» деп атау берілген республикалық әдеби-танымдық журналының тұсаукесеріне қош келдіңіздер! Махамбет – қазақ әдебиетін дамытуда ерекше орны мен ролі бар біртуар ірі тұлға,



ақын, әрі ұлт-азаттық көтерілістің басшысы. Махамбетті сөз қуатын, тұңғышын терең барлаушы деп де айтуға болады. Халық алдында әділетсіз хан-сұлтандарды масқаралап, тайсалмай сөйлеп, әділдіктің туын тіккен ұлт батыры. Сондықтан біздің университетімізде тұңғыш рет тұсауы кесілгелі отырған аталмыш журнал ақын рухын одан әрі асқақтатады деп сенеміз. Бұл журналдың шығару туралы идеяның туындағанына бір аз уақыт өтті. Жас ұрпақ үшін қолға алғмыз келген іске қос қолдап қолдау білдірген Болат Батырға ерекше алғысымызды білдіреміз. Бұл журналдың университет өмірінде ролі ерекше болатынына сенімдіміз. Мақсаты – махамбеттануды одан әрі дамытып, болашақ өскелең ұрпақты патриоттық, отансүйгіштік рухта тәрбиелеп, ата-бабамыздың асыл мұраларын кенінен насихаттау болып табылады. Болашақта «Махамбет» журналы қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар, бірегей басылымға айналуына шын тілектеспіз, – деген М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі ректоры Қажымұрат Ахмеденов журналды баспадан шығаруға қолдау білдірген, «Махамбет» журналының құрылтайшысы Болат Батырұлына университет ректорының шешімімен алғашқы рет М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың «Құрметті өкілі» деген академиялық атақты табыстап, арнайы алғысхатпен марапаттады.

– Билы аты жаман індет келіп, қиын-қыстау уақыт болды десек те, әдеби-мәдени өмірімізде үлкен жаңалықтарға, айтулы оқиғаларға толы жыл болды. Үлгі ақыны Қадыр ағамыздың, Халық қаһарманы Жұбан ағамыздың мерейлі жылдарына байланысты шараларды ел бо-

лып атап өттік. Бұл «Махамбет» журналының жарық көруі осы әдеби-мәдени шаралардың заңды жалғасы деп білемін. Мазмұны бай болуына тілектеспіз. Бұл журналдың осы білім ордасында тұсауынын кесілуі де заңды құбылыс дер едім. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Баспа – халықтың көзі, құлағы, һәм тілі» дегендей, басылымның ғұмыры ұзақ, оқырманы көп болсын, – деген Қазақстан Жазушылар Одағы БҚО филиалының төрағасы Бауыржан Халиолла ізгі тілегін арнады.

Жиында одан әрі «Махамбет» республикалық әдеби-мәдени, танымдық журналының бас редакторы, танымал қаламгер Қадыр Жүсіп онлайнмен құттықтауын жеткізді.

– Қадірлі жамағат, бүгінгі күнді қазақ халқының тарихындағы ерекше күн деп есептеймін. Журналдың тұсаукесері осы университетте аталып өтуін тарихи оқиға дер едім. Сондықтан ең алдымен, М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың ректоры Нұрлан Серғалиев пен білім ордасының ұжымына «Махамбет» журналының бас редакторы ретінде шынайы ризашылығымызды білдіремін. XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей елінің қазақтарға жасаған қандастығы, қысымшылығы, патшаның озбыр саясаты, Жәңгір ханның өктемдігі, оның айналасындағы атқамінерлердің қорлығын көріп, жүрегінен өткізіп, әділдік орнату үшін қолына қылыш алып, Истаимен тең жүріп, азаттық үшін күрескен батыр ол – Махамбет. Ал XIX ғасырдың екінші жартысында кемеңгерлік ойымен, қазақ халқының қарайған жүрегіне жол ашып, жырға сусындатқан Абай еді. Сондықтан XIX ғасырды ерекше ғасыр болды деп айтуға болады. Оның біріншісі – Махамбет, екін-

шісі – Абай. Екеуі жарысып жыр жазған жоқ, керісінше қазақ халқын қараңғылықтан құтқару үшін бар күші мен қайратын жұтсаған еді. Махамбет бабамызды еске алғанда соқпир көзден жас шығады. Өзінің қысқа ғана ғұмырында небір сұмдықты басынан өткеріп, басын қатерге тіккен болатын. Сондықтан Махамбетті күнделікті өмірде насихаттап жүру, оның есімін ұрпақтар жадында ұлықтау – біздің адами парызымыз, – деді Қадыр Өтегенұлы.

– Ақсұңқар сынды ұлт үнін жарысы жоқ, керісінше қазақ халқының қайталанбас, біртуар ірі өкілі. Махамбеттің тәуелсіздік жолында жанын да, қанын да аямаған ұлт батыры хақындағы мәліметтерді жинақтай айтсақ, Махамбет – қыран-қия биігіндегі ақын. Асыл алмастай тіліп түсетін орақ тілді өлеңін бүгінгі ұрпақ жатқа оқиды. Махамбеттің толық тану үшін Шернияз ақынды зерттеп, ақылман арқылы толғатқан жөн. Осы орайда «Махамбет» журналының жарыққа шығарылуы рухы асқақ жас ұрпақты тәрбиелеу үшін аса қажет, – деп ой түйді журналдың құрылтайшысы, «Болат-медиа» мекемесінің директоры Болат Батыр.

Салтанатты басқосуда одан әрі өлкетанушы Жайсаң Ақбай, ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Ақшұтпа Бақтыгереева, театр қайраткері Құжырғали Төлеуішов сынды елге танымал тұлғалар Махамбет туралы ойларын ортаға салып, оқырманға жол тартқан жаңа басылымға сәттілік тіледі.

Журнал алдағы уақытта тоқсан сайын, жылына төрт мәрте жарыққа шығатын болады.

Ләззат ШАФАТАЙ,
«Орал өңірі»